



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

положению Классификатора специальностей бакалавриата и магистратуры Республики Казахстан.

Куда же все-таки пойти учиться? Этот вопрос задают каждый раз, поступая в магистратуру, (выбор большой, но всех интересует эффективность обучения, перспектива трудоустройства и возможность проходить практику в других странах).

Евразийский Национальный Университет это - желание многих. Здесь учатся со всего мира. Многие, после окончания вуза остаются и продолжают учиться на магистра. Преподавательский состав магистратур отличается тем, что занятия ведут профессора, доценты и старшие преподаватели, имеющие ученые степени докторов и кандидатов наук. Что касается научного руководства магистерскими диссертациями, то, как правило, этим занимаются академики, доктора наук, кандидаты наук, профессора и доценты с большим стажем практической работы. В свою очередь, магистранты также активно вовлечены в научно-исследовательскую работу. Они участвуют различного уровня мероприятия, пишут статьи и исследования в рамках своей специализации, проходят стажировки. Сегодня для многих обучение в магистратуре (это не просто прихоть или желание «еще поучиться»), это необходимость, так как те специалисты, которые работают в иностранных компаниях, должны иметь степень магистра, ведь таково современное требование работодателя. Важность заключается в том, что одним образованием не достичь нужных себе целей и многие, сферы деятельности теряют свое новшество.

На сегодняшний день Евразийский Национальный Университет занимает первое место в рейтингах, имеет множество наград, сотрудничает с зарубежными, европейскими ВУЗами, а также и из стран СНГ. Он известен всему миру своими достижениями и несколькими поколениями выпускников, которые успешно работают в пределах нашей страны и за рубежом.

В рамках данной темы нельзя не упомянуть и то, что есть программа «Двойного магистерского диплома». Сегодня университет расширяет международное сотрудничество, и в программах обучения появляются новые перспективные направления, которые предоставляют магистрантам отличные возможности, как для обучения, так и для повышения своего профессионального уровня в целом.

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ БАҚ

Маманкүл Ақмарал Әбибұлақызы
akmaral584@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р. Ш. Нуриден

Біз жаңа ғасырда өмір сүріп отырмыз. Дүние жүзінің бір мемлекеті ретінде біздің еліміз де жаһандану үдерісіне негізделген жаңа тарихи кезеңді бастан кешіріп келеді. Жаңа дәуірдің адамзатқа қоятын талабы да күшті. Сондықтан ел болып, ұлт болып қалу, ұлттық құндылықтарымызды сақтау үшін қандай істер атқаруымыз керек деген сұрақ көңілді күпті етеді. Қазіргі ортада бұқаралық қоғам, бұқаралық мәдениет және бұқаралық медиа деген үш таған қалыптасты. «Бұқаралық дәстүр мен қоғамдық қозғалыс күшіне енген дәуірде БАҚ-тың рөлі мен оның даму бағдары қандай болмақ?

Өркениетті елдерде мынандай ақпараттық заңдылық айқындалуда:

1. Бұқаралық ақпараттың саны да, оның атқаратын қызметтері де көбеюде;
2. Оның ұғымдары мен ұстанымдары туралы түсініктер мен көзқарастар сала-салада ауқымдалуда;

3. Информация мен коммуникативті қызметтердің адам мен қоғамның әр жағына әсер етер сапалық көрсеткіштері де өсуде.

Информациялық дәуірдің және оның коммуникативті сипаттамасының ерекшеліктері қарқындауда. Бүгінгі таңда информацияны екі деңгейде — әлеуметтік-мәдени жаңғырудың және әлеуметтік субъектілердің арақатынасының жүйелі тәсілі ретінде қабылдау қалыптасқан. Ал бұқаралық медиа саясаттың қуатты құралына, идеологияның кең таралған көрсеткішіне, әлеуметтік-мәдени практиканың жалпылама түріне айналууда. Қысқасы, ол адам іс-әрекеті мен өркениеттің барлық саласында шешуші стратегиялық факторға айналууда»-дейді белгілі ғалым Ж.Молдабеков.

XX ғ. ортасында әлеуметтанушы Г. Лассуэл: «Бұқаралық коммуникацияның негізгі функциясы — ортаны бақылау, қоғамның түрлі бөліктерін реттеу және әлеуметтік-мәдени мұраны жеткізу» деген ұсыныс айтқан еді.

Әсіресе жаһандану дәуірінде осы мәселелерді атқару үшін бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын қызметі ұшан-теңіз. Жаһандану жағдайында ақпараттардың басқыншылық кесірінен ұлттық құндылықтарға қауіп төнеді, тіпті жойып жіберуі де мүмкін деген түсініктердің де орын алғаны рас. Мұнымен келісуге де болады, бірақ тек көлеңкелі тұстары ғана ма әлде жақсы жақтары да бар ма? Әрине, бар. Оған мынадай мысалдар келтіруге болады: халқымыз қашаннан жаһандану жағдайында өмір сүріп келген десек болады. Ол ешуақытта жападан жалғыз оңашаланып отырған емес. Оны біздің тарихи, мәдени, рухани өміріміздің тәжірибесі дәлелдей алады. Қытай мен Ресей сияқты екі алып мемлекеттің ортасында отырып, тілімізді, дінімізді, тарихымызды сақтай алдық.

Жаһандану дегенді - Ұлы Жібек жолы десек те болады. Тарихтың талай қиындығынан өткен халқымыз тағы да қайыспай, заманның кез келген талабына дайын болуы керек. Ұлы Жібек жолында материалдық тауар айырбасы болса, қазіргі заманның тауары-ақпарат. Сол себепті, журналистика алдыңғы сапқа шығып, өзінің ұлттық бет-бейнесін сақтай отырып, әлемдік медиа-қоғамға енуге ұмтылуы керек.

Ұлттық бет-бейне дегеніміз не? Олар мыналар: тәуелсіз Қазақстан мемлекеті, онда өмір сүретін ауызбіршілігі мол даму жолындағы қазақстандықтар. Соның негізгі ұйытқысы қазақ ұлты. Міне, осылар жинақтала келе біздің мәдениетімізді құрайды. Тіл, дін, тарих, халықтар достығы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, т.б. бұқаралық ақпарат құралдарында жаңаша сипат алып, заманға сай насихатталып, таралууда.

Қоғам құндылығын терең зерделеуге биылғы жылдың Қазақ хандығының 550, Жеңістің 70 жылдығына арналуы, оларды БАҚ-та насихаттау —біздің еліміздің де, журналистиканың да жаңа қимылдар мен жаңалықтарға жол ашатын ұзақ сапарларының бір саласы болмақ. Осындай ағартушылық пен насихаттық жұмыстардан қоғам мүшелері күш алып, болашақ ұрпақтың да бойына сіңетін болады. Бүгінгі замандағы технологиялық бәсекелестік қарқын ала түскен қоғамда, осы әлемдік тартыста біздің бабадан балаға беріліп келе жатқан сол құндылығымыз бізді сақтап, әрі қарай дамуымызға серпін береді.

Жер шарында мыңдаған халық, екі жүзден астам мемлекет бар, қаншама тіл мен мәдениет бар? Соның барлығы әртүрлі сөйлесе де, әртүрлі дінге сенсе де, БҰҰ шаңырағының астында тұр. Тәуелсіз Қазақстанымыз татулықты сақтап, дипломатиялық қатынаспен 150-дей елмен байланыс орнатса, өз еліміздегі қаншама ұлт пен ұлыстармен күнделікті тату-тәтті тұрмыс кешіп, Қазақ елі шаңырағының астында отыр. Сондықтан биылғы Ассамблея жылы да БАҚ үшін өте маңызды, өте қажетті мәселе. Елімізде тұрақты шығып жатқан 5 мыңнан астам басылым бар. Соның ішінде 700-дейі ана тілімізде жарық көреді. Бүгінгі қазақ баспасөзінің заман ағымынан қалмауды көздеп отырғаны анық байқалады. Баспасөз ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін, жаһандану заманындағы жаңа, озық дүниелерді жедел жеткізе білетін, биліктің әр тармағы мен халықтың арасындағы ақпараттық көпір болуы керек.

Елу жылда ел жаңа» деген бекер сөз емес. Жарты ғасыр ішінде бір буын толық алмасып, қоғамның бет-бейнесі елеулі өзгеріске түседі. Біз өмір сүріп жатқан қоғам осындай ерекшеліктерге толы. Тіпті «ақпараттық қоғам» деген атаудың өзінен-ақ ақпараттық

технологиялар ғасырында өмір сүріп жатқанымыз, «ғарыштық байланыс» дәуірінде «көзді ашып-жұмғанша» айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алып отырғанымызды ой таразысына салсақ, ойланатын жағдайлар жеткілікті.

Елбасымыздың қандай пікіріне жүгінсек те, «жаңа» деген сөз көп кездеседі. «Түбегейлі жаңаруды бастау үшін бізге бүкіл ойлау жүйемізді жаңарту керек», дегені журналист қауымына да қатысты. Сондықтан қазір ел үшін сөз түзелуінің маңызы зор болып отыр. Тәрбиелік мәні зор телерадиохабарлар, танымдық-тағылымдық мақалалар, қазіргі күні сапалы сайттар мен байсалды блогтар қоғамның жаңаруына, жастардың дұрыс пиғылды болып қалыптасуына қызмет етуі тиіс.

Қазіргі таңда дүниежүзілік ақпарат әлеміндегі ірі өзгерістерден, белең алып келе жатқан жаһандану үдерістерінен ешбір елдің саяси өмірі мен бұқаралық ақпарат құралдары тыс тұра алмайтын күрделі кезеңмен бетпе-бет жүздесіп отырмыз. Академик Ғарифолла Есім айтқандай: «... біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздың мазмұнын анықтайтын фактор – ақпарат. Оны біз ақпараттық қоғам деп те жүрміз. Бүкіл әлем бір сәтте үйіңізге сыйып кетеді. Интернет, электрондық пошта жүйесі, жетілген коммуникация әлемді тұтастырып барады. Бұрынғыдай әр елдің «сырын» жасыру мүмкін емес. Ел ішіндегі оқиға күні ертең әлем тілдеріндегі басылым беттерінде жария естілмек.

Мұның бәрі қазақстандықтардың ой-өрісіне, сезім-санасына, мінезіне, тұрмысына сапалы өзгерістер енгізуде». 1945 жылы атақты ғалым А.Эйнштейн атом жарылысынан кейін «ақпараттық жарылыстың» болатындығын айтқан еді [1]. Одан кейін әлем ғалымдары бірінен соң бірі алдағы уақытта «ғаламат өзгерістердің» болатындығын дәлелдеуден жалықпады.

Алдағы болатын жаңа құбылысты әркім әрқалай атады. Қазір ол «Ақпараттық қоғам» деген атқа ие болып, әлемдік өзгерістерге әкелді. Ақпараттық қоғам-ашық қоғамның бір түрі болып табылады. Бұл қоғамның ерекшелігі сол, адамдардың ақпаратқа, білімге қолдары еркін жетеді.

Ал, бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттық қоғамда қалай түрленеді? Жаңа қоғамда БАҚ-тың түбегейлі өзгерістерге тап келгенін айттық, енді бұл бағыттағы басты ұғымдардың бірі – дигитализация, яғни барлық БАҚ-тың сандық формаға көшуі. «Газеттер компьютерде теріледі, олардың интернет-нұсқаларына қол жеткізуге болады. Сандық радио жиілік көлемін арттыруға мүмкіндік бергендіктен, оны интернетке қосылу арқылы компьютерден тыңдауға жол ашылды. Телевидение де сандық форматқа көшіп, дәстүрлі БАҚ-қа қол жеткізу оңайға түсті.

Осы ретте дәстүрлі БАҚ-тың интернетке көшу үдерісі даулы мәселелерге себеп болып отырғанын да айта кеткен жөн. Бұл мәселеде Э.Тоффлер келтірген «Екінші толқын» мен «Үшінші толқынның» арасында түсінбеушілік орын алғандығы. Ол жайында өзімізден мысал келтірсек болады. Мысалы, танымал басылымдардың тек электронды нұсқада шығуға көшкені – ғалымдар, аға буын тарапынан сынға ұшырауы. Оның жарқын мысалы – жастарға арналған «НұрАстана» газетінің «Айналайын.kz» интернет-басылымына айналуы. Бұл өзгерістер аптасына бес рет шығатын «Айқын», «Алаш айнасы» газеттерін де күтіп тұрғаны айтылуда.

Жастардың көпшілігі интернеттің дәстүрлі БАҚ-ты алмастыра алатынына, түптің-түбінде оны «жұтып» қоятынына сенімді. Журналистика ғалымдары болса, интернеттің келуі БАҚ-тың мүмкіндігін молайтып, оның екінші тынысын ашатынын, сондай-ақ тарих толқынындағы өзгерістердің алдыңғы ақпарат құралдарын жойып жібере алмағанын алға тартып отыр.

Әлбетте, кез келген жаңалық орныққан ұғымдар мен дүниелердің бет-бейнесіне өзгеріс алып келеді. Мұндай шақта жаңа өзгерістерге бейімделудің тың тәсілдері қарастырыла бастайды. Сондықтан ескі дүние сәтке болса да есенгіреп, бағыт-бағдарынан жаңылып қалғандай күй кешеді.

Осы тұжырыммен келіссек, отандық дәстүрлі БАҚ қазіргі таңда оқырманын, көрерменін не тыңдарманын сақтап қалу жолдарын жанталаса іздеу үстінде. Кейбір

газеттердің интернетке толық көшуі де осы ізденістерден туған талпыныс. Журналистика теоретигі Я. Н.Засурский «қызық құбылыс» ретінде бағалаған мына бір жайға назар аударудың маңызы зор [2]. Бұл – отандық ғалымдардың ұстанымдарының дұрыстығын бекіте түсетін дәлелдік деталь. «Қай елде интернет қолданушылары көп болса, сонда газет те көп»-дейді ғалым. Олардың қатарында Норвегия, Швеция, Финляндия секілді скандинавиялық елдер аталады. Мұның себебін ғалым ақпараттық қоғамда БАҚ-тың қоғамдық рөлінің маңызды болып қала беретінімен түсіндіруге тырысады.

Мойындау керек, БАҚ-тың мультимедиялық сипатқа ие болуы – ақпараттық қоғамның үлкен жетістігіне айналды. Осының арқасында «аудиовизуалды және мәтіндік БАҚ кірігіп, ақпараттық өнімде мәтін, сурет, дыбыс, видео жымдасып», «бір мазмұнды ақпараттың өзін түрлі жолдармен алу мүмкіндігі» пайда болды. Бұл үдерістер конвергенттік журналистика атты жаңа саланың дараланып шығуына әкелді.

Осы өзгерістер қоғамның әрбір мүшесін елдегі маңызды оқиғаларға бейжай қарамауға үйретті. Әр азаматтың өзіндік үні жалпыға жететін болды.

«Кез келген адамның тек тұтынушы ғана емес, өзіне тән бейнелерді өндіруші» екені білінді. Осылайша қайта өрлеу дәуіріндегі «адам – суреткер» ұғымы жаңа заманда өзгеше қырынан көрініс берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ракитов А.И. Философия компьютерной революции. М.,1991
2. Засурский Я.Н. Современный мир: глобальное информационное пространство//Вестник МГУ. Серия журналистика, 2005-№ 4.

СПОРТҚА АРНАЛҒАН САЛАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ ЖАҢА ІЗДЕНІСТЕР

Маншарипова Гүлмира Батырбекқызы

mansharipova_g@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.Шындалиева

Бүгінгі таңда, елімізде мазмұны мен безені сапалы спорт саласына арналған басылымдар баршылық. Әсіресе, газет жайлы әңгіме қозғасақ кемшіліктерге көп ұшырасамыз. Біреуінің мазмұны мен безені үйлеспей жатса, екіншісінің ақпараты жалған. Бұл дегеніміз – бізде мықты спорт журналистері, осы саланы терең жаза білетін публицистер аз дегенді білдірсе керек.

«Қазақ спорты» - республикалық апталық спорт газеті 2009 жылдың 30 желтоқсанынан бастап шыға бастады. Газет аптасына бір рет, 10000 данамен жарық көреді екен және көлемі 3 баспа табак, офсетті қағаз. Мұқаба мен артқы беті түрлі түсті, яғни бас-аяғы 2 айқарма парақтан тұрады. Мұқаба бетте газет атауының («Қазақ спорты») үстіңгі жағында, жалпы, осы саннан табылатын маңызды мақалаларға аңдатпа берілген. Ол жерде мақаладан үзінді, 6x4 форматында мәтінге қатысты фото-сурет ұсынылады. Мысалы, «Құнаннан озған Сүйіндік... Жеті түйенің алды болып, аяғы-аяғына тимей келе жатқан Тұралбайды көрген жұрт айқай-сүрең салып, алақайлап кетті» [1,1-б],- деп қысқаша үзінді беріп, түйеден озып бара жатқан ер адамның суретін жанына жайғастырған. Алайда әр кезде бұлай ұтымды шыға бермейтінін де байқап отырмыз. Мәселен, аталмыш газеттің осы санының (№ 01 (96) келесі аңдатпасына назар аударсақ. «Жапондық дзюдошылар бәске тігілген 64 медальдің 15-ін омырауларына таққан. Ал қазақ жүзу мен жүгіруден қашан олжа салады?» [1,2-б]. Бұл сілтемені қара нәсілді жеңіл атлеттің жүгіру үстіндегі көрінісі толықтырған. Енді осы тұста байқайтынымыз, бұл үзінді мақаланың кез-келген жерінен іріктелмей алына салынғаны белгілі. Егер нарық қатынастарына келер болсақ, қандай да бір болмасын тауардың беткі